

**Мағжан Жұмабаев ауданының мұқтаж азаматтарының жеке санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев атындағы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 6 наурыздағы N 2-4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 9 сәуірде N 13-9-155 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мәслихатының 2014 жылғы 30 қаңтардағы N 22-2 шешімі

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мәслихатының 30.01.2014 N 22-2 шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджеттік кодексінің 56-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Мағжан Жұмабаев ауданының мұқтаж азаматтарының жеке санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккен отбасыларға (азаматтарға) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысына тәуелсіз отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) 2012 жылдан бастап Мағжан Жұмабаев ауданының Булаев қаласына мамандығы бойынша тұрақты жұмыс істеуге келіп жатқан дәрігерлер мен медициналық жоғары оқу орындарының түлектеріне 200 000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде, орта медициналық қызметкерлерге 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде.

2. Әлеуметтік төлемдер жергілікті бюджеттен екінші деңгейдегі банктер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің лицензиясы бар ұйымдар арқылы тиісті банкілік операциялардың түрлеріне әлеуметтік көмек алушылардың дербес шотына ақшалай қаражатты аудару арқылы жүзеге асырылсын.

3. Әлеуметтік көмек көрсету шығындарын қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржылық жылда осы мақсаттарға қарастырылған «Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмек» 451 007 000 бюджеттік бағдарлама бойынша жүргізілсін.

4. Мағжан Жұмабаев ауданының мұқтаж азаматтарының жеке санаттарына

біржолғы әлеуметтік көмек алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі қосымшаға  
с ә й к е с а н ы қ т а л с ы н .

5. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн  
өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Б. Әміренова*

*Мәслихат хатшысы*

*Т. Әбілмәжінов*

« К е л і с і л д і »

Ауданның жұмыспен қамту  
және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімінің бастығы

Қалиев Р.Е.

Аудандық

мәслихаттың

2012

жылғы

6

наурыздағы

№ 2-4 шешіміне қосымша

### **Мағжан Жұмабаев ауданының мұқтаж азаматтарының жеке санаттарына біржолғы әлеуметтік көмекалу үшін қажетті құжаттар тізбесі**

1. Төтенше жағдай салдарынан зардап шеккендер біржолғы әлеуметтік көмек  
алу үшін қажетті құжаттар:

біржолғы әлеуметтік көмек алушының өтініші (бұдан әрі - өтінуші);

өтінушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

өтінушінің дербес шотының көшірмесі;

өтінушінің мекен жайын анықтайтын құжаттың көшірмесі;

материалдық зиян келтіру жағдайларына (өрт, тасқын) әкелген оқиғаларды  
растайтын төтенше жағдайлар жөніндегі бөлімнің құжаты.

2. Дәрігерлер, медициналық жоғары оқу орындарының түлектері және орта  
медициналық қызметкерлері біржолғы әлеуметтік көмек алу үшін қажетті  
қ ұ ж а т т а р :

біржолғы әлеуметтік көмек алушының өтініші (бұдан әрі - өтінуші);

өтінушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

өтінушінің дербес шотының көшірмесі;

өтінушінің мекен-жайын анықтайтын құжаттың көшірмесі;

өтінушінің жұмыс орнынан анықтама;

өтінушінің жоғары медициналық және арнайы орта медициналық білімі  
туралы құжаттың көшірмесі.

3. Тексерілгеннен соң құжаттардың түпнұсқасы өтінушіге қабылданған күні  
қайтарылып беріледі, көшірмелері куәландырылғаннан кейін іс құжаттарына  
тіркеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК